

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 419 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3 0

с ә у і р д е г і

№ 4 1 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі

2012 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Сарыбұлақ – Зимұнай» газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып, газ саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға және қазақстандық көмірсутек шикізатын қайта өңдеу саласында өзара тиімді жағдайлар жасауға ықпал

Осы Келісімнің орындалуын үйлестіруді және бақылауды Тараптардың құзыретті органдары :

Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;
Қытай Тарапынан – Қытай Халық Республикасының Энергетика жөніндегі мемлекеттік басқармасы жүзеге асырады.

Өздерінің құзыретті органдарын қайта атаған немесе өзгерткен жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

4-бап

Кез келген Тараптың осы Келісімді орындауына әсерін тигізетін мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында кедергілерді жою үшін қолайлы шараларды қабылдайды.

Тараптардың мемлекеттік құзыретті органдары арасындағы келіссөздерде жойылуы мүмкін болмайтын осы Келісімді түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты кез келген келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

5-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

6-бап

Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Тараптардың бірде-біреуі осы Келісімді іске асыру шеңберінде өздері алған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2013 жылғы «__» _____ қаласында, әрқайсысы қазақ, қытай

және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ